



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

1. Бес жүз бес сөз. - Алматы: Рауан, 1994.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-том. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1974. - 696-б.
3. Аққошқаров Е. Халық арасына кең тараған байырғы өлшемдер // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2000. - №12. – Б. 22-23.
4. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. - 304 б.
5. Жәлелұлы Б. Көне сөзде көп сыр бар // «Ана тілі» газеті. – 2006. - №52. – Б.4.
6. Фасмер М. Этимологический словарь русского языка. Том 1. – Москва: «Прогресс», 1964. - 562 с.
7. Шанский Н.М., Иванов В.В., Шанская Т.В. Краткий этимологический словарь русского языка. – Москва: «Просвещение», 1975. - 543с.
8. Даль В.И. Толковый словарь русского языка. Современная версия. – Москва: ЗАО Изд-во ЭКСМО-ПРЕСС, 2001. - 736 с.
9. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. 1-том. - 752 бет.
10. Романова Г.Я. Наименование мер длины в русском языке. Москва: Наука, 1975.
11. Ахметьянов Р. Общая лексика духовной культуры народов Среднего Поволжья / Р.Г.Ахметьянов. - М.: Наука, 1981.
12. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – Москва, 1974, 1978, 1980.
13. Жанпейісова С.Е. Қазақ тілінің рухани мәдениет лексикасы: Филол. ғ.к. ... дисс. - Алматы, 1996.

ӘОЖ81`373.6

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖАНУАРЛАР МЕН АҢ АТАУЛАРЫНЫҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ

**Таңсықбай Әділет Қыдырбекұлы**

[adilet\\_2\\_97@mail.ru](mailto:adilet_2_97@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Филология факультетінің 3-курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Г.Б.Мамаева

Жануар атауларының тіл білімінің зерттеу нысанына айналғанына көп уақыт болды. Түркітануда осы тақырыпта жазылған алғашқы зерттеу еңбегі 1961 жылы жарық көрді. Түркітанушы ғалым А.М.Щербак «Названия домашних и диких животных в тюркских языках» атты еңбегінде түркі тілдеріндегі жануар атауларына алғаш рет салыстырмалы-тарихи талдау жасаған [1]. Ғалым түркі тілдерін талдау барысында моңғол және тұңғыс-маньжур тілдеріндегі жануар атауларын көрсетіп, олардың ең көне формалары мен кірмелену көздерін анықтаған. Бұл еңбекте сөздердің этимологиясы сынға алынған. Түркі формаларын талдауда ғалым түр-тұқымға қатысты атауларды, піштірілген аталық, тұқым аталық, аналық, төл және жасы бойынша топтарды, сонымен қатар диалектілік нұсқаларды қарастырды. Еңбекте зоонимдерге сөзжасамдық талдау жасалып, атаулардың фонетикалық, құрылымдық-семантикалық ерекшеліктері көрсетілген.

1975 жылы К.Мусаевтың «Лексика тюркских языков в сравнительном освещении» атты еңбегі жарық көрді. Онда ғалым мал шаруашылығы терминологиясының қалыптаса бастаған көне заманында түркі тілдерінің ортақтығын атап көрсетеді. Таралу деңгейіне қарай терминдерді былайша бөліп қарастырады: 1) түрік тілдерінің барлығында, я көбінде бір тұрақталған мағынасында, я өзге мағынада қолданылатын сөздер; 2) түрік тілдерінде бір я сәл өзге мағынасында аз таралған сөздер; 3) белгілі бір түрік тілінде не түрік тілдерінің жекелеген диалектінде ғана кездесетін сөздер. Автор, сонымен қатар, атау таралуының ареалдық сипатын атап өтеді. Мысалы, қыпшақ тілдерінде *сиыр* мен *қоян* сәйкесінше *сыйыр*, *қойан* болса, оғыз тілдерінде – *инек*, *тавшан* [2].

К.Ибрагимов «Древнетюркские названия животных в лексике современных тюркских языков» диссертациясында ежелгі түрік жазба ескерткіштерінде кездесетін қазіргі түркі

тілдеріндегі жануар атауларын көрсетіп берді [3].

М.Копыленко «О мотивации наименований животных в тюркских языках» (1990) атты зерттеу еңбегінде түркі тілдеріндегі жануар атауларының уәждемесіне зерттеді. Ғалым түрік тілдес халықтар жануарларға ат қоюда, көбіне, аңшылық пен мал шаруашылығына қатысты белгілерді емес, қабылдау мүшелеріне әсер ететін белгілерді, яғни «түс», «сыртқы түр», «дауыс», сонымен қатар жануарлармен я оларға қатысты жасалатын іс-әрекеттер жайлы ойлануды айғақтайтын белгілерді басшылыққа алғанын айтады. Автор ол жайлы: «носители тюркских языков давали названия животным преимущественно по признакам, непосредственно воздействующим на органы чувств («цвет», «внешний вид», «голос») или свидетельствующим о размышлениях над процессами, производимыми самими животными («носитель действия») или над ними («объект действия»), а не по признакам, актуальным для охоты и животноводства» – дейді [4].

Қазақ тіл білімінде де зоология лексикасы тақырыбында бірнеше зерттеу еңбектері жарық көрді. Атап айтқанда, Ш.Жанәбілдің «Қазақша жануар атаулары» еңбегі [5], қазақ тілі мен орыс тіліндегі жануар атауларын (лақап аттарын) салыстырған Т.В.Линконың «Қазақ және орыс тілдеріндегі зоонимдер» диссертациясы [6], О.Тоқхожаеваның қазақ тіліндегі фауна лексикасының құрамдас бөлшегі ретінде жануар атауларын талдаған «Қазақ тіліндегі фауна лексикасы» деген атпен жарық көрген зерттеу жұмысы [7].

Осы уақытқа дейін қазақ тіл білімінде жануар атаулары зерттелген ғылыми еңбектердің жоқтың қасы. Жануар атауларын зоология (жалпы, биология) терминологиясы көлемінде алсақ та, бұл – лайықты деңгейде зерттелмеген тың тақырыптардың бірі.

Жануар атауларын қоршаған ортаны меңгерудегі адамның танымдық іс-әрекеттерінің нәтижелері тіркелген арнайы лексиканың ежелгі қабаты ретінде қарастыратын болсақ, оның зерттелуі қазақ тілінің тарихи лексикологиясы үшін аса маңызды екеніне көзіміз жетеді, өйткені ол арқылы белгілі бір уақыт аралығындағы тілдің даму тарихынан, халықтың әдет-ғұрпы мен мәдениетінен сыр шертетін фактілер айғақталады.

Осы тұрғыдан қарағанда, ежелден мал шаруашылық мәдениетімен бай қазақ халқының, сәйкесінше, тілінде зоологиялық лексикасы да бай болмақ. Бұл мақаланың басты мақсаты – қазақ тіліндегі жануар атауларының этимологиясын қарастыру арқылы тілдегі ұлттық көріністі көрсету.

Ең алдымен, өзіміз зерттеу нысаны ретінде алған *жануар* атауының өзі неден шыққанын анықтайық.

Жануар – тірі организмдер дүниесіндегі негізгі екі топтың бірі (екіншісі – өсімдіктер); жүруге және сезінуге бейім тіршілік иесі; негізінен, дайын органикалық қосылыстармен қоректенетін гетеротрофты организмдер. *Жануар* сөзінің түп төркіні – *жаны бар* сөз тіркесі. М.Р.Федотов бұл сөздің шығу тегін парсы тілі деп анықтаса [8, 123], В.Г.Егоров «жаны бар» сөз тіркесінен шыққанын көрсетіп, латын тіліндегі *animal* (жануар) сөзінің негізінде де *anima* – «дем», «жан» деген сөз жатқанын атап көрсетеді [9, 353]. Р.Г.Ахметьяновтың *жануар* сөзін фарсизмге жатқызғаны да бұл сөздің ежелде парсы тілінен шыққанын дәлелдейді [10, 66].

«Біз қазақ деген мал баққан елміз» деп дана бабамыз Қаз дауысты Қазыбек би айтып кеткендей, қазақ халқы ежелден мал өсірумен айналысқан және оның қыры мен сырын жетік меңгерген. Осындағы *мал* сөзінің этимологиясы қандай? Белгілі лексиколог-ғалым К.Мусаевтың жалпытүркілік мал атауларын корей тілінің дерегімен салыстырған тұжырымын келтірсек: «По – видимому, древнейшим значением слова *мал* является «лошадь» - ср. корейс. *мал* - «лошадь». Таким образом, можно считать, что *мал* является общеалтайским словом, которое в современных языках имеет значения «лошадь» > «скот» > «имущество», «товар». Поэтому вполне обосновано сопоставление Е.Д. Поливановым монг. *морин*, корейс. *мал* «лошадь», а также корейс. *муран*, «мерин». По предложению Е.Д.Поливанова *мал* восходит к более древней форме «мөр». Он устанавливает связь монголо-корейского слова с тибето-китайскими и японскими словами, обозначающими «лошадь». Как известно, пустыню Гоби считают в Азии первоначальной родиной лошади, где она впервые была приручена. Е.Д.Поливанов считает, что возможно, китайцы

заимствовали лошадь вместе с ее названием у тюрко-монгольских племен», - дейді[2]. Осы тұста қазақ халқы үшін орны бөлек малдың атауы – *жылқы* сөзінің этимологиясын қарастыруды жөн көріп тұрмыз. Біздің тоқталғалы отырғанымыз жылқы малының *жылқы*, *ат*, *арғымақ* деген атаулары.

*Жылқы*. XI ғасыр жәдігері болып саналатын М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит түрк» еңбегінде *жылқы* (jilkı) сөзі «табындағы мал» мағынасында қолданылады [11]. Сонымен қатар, jilkı сөзі жалпы мал атауы мағынасында да кездеседі. Осыған қарағанда, қазіргі жылқы термині лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалды деуге толық негіз бар. Жылқы сөзі лексемасының дамуы: *табын – табындағы мал – мал – жылқы*. Бұл пікіріміз алдында айтып өткен Е.Д.Поливановтың *мал* сөзі мен *мерин* (лошадь) сөзі арасындағы семантикалық байланысты дәлелдей түспек.

*Ат*. Пратұңғыс тілінде *abdu* – мал, табын, байлық, *abduyu* – ат, табын. Пратүрік пен праалтайлық формасы – *at* [12, 317]. *Ат* сөзін тарихи-сөзжасамдық қырынан зерттеген А.Салқынбай: «Ат/ад» тұлғасының мағыналық қыры қозғалыспен байланысты, яғни «ат» - күннің бір сипатын танытатын, қасиетін көрсеткен сөз ретінде бағаланады. Аттың киелілік, қасиеттілік сипатының танылуы, жеті қазынаның бірі болып, ер қанаты саналуы – халық танымында, жадында сақталған, көнеден келе жатқан дүниетаным. Ат – күннің (тәңірдің) жердегі елшісі сипатында танылып, алуан түрлі ұғым қалыптастыруға себеп, негіз болған. Ол сипат, қасиет – күннің шығуы, көтерілуі, жылжуы, батуы тағы басқалар. *Таң атты* деген тіркестегі ат сөзі арқылы – «шығу» семасы сақталса, «күннің қозғалыста болуы, жылжуы» мағынасы арқылы – тағы сол сияқты номинативтік туынды атаулар жасалған. Ал «ат» сөзінің тек қимылдық емес, жалпы ұғымды белгілеуші тұлға ретіндегі мағыналық жүйесін, даму жолын былайша көрсетуге болады: 1. қозғалу семасы – *аттау*, *аттану*, *адақ (айақ)*, *адасу*, *адым* т.б.; 2. объектінің шығу семасы – *таң атты*, *тас атты*, *атып шығу*, *атып тұру*; 3. объектінің бату, біту семасы – *ат*, *ад (тамұқ) ада болу*; 4. объектілік сема – *ат*; 5. субъектілік сема – *ата*, *аталық*, *адам* т.б. [13, 118].

*Арғымақ*. Қазақ жылқысының сұлу, асыл тұқымын *арғымақ* дейміз. Түркі тілдерінің этимологиясын зерттеген ғалым Э.В.Севортян «Этимологический словарь тюрских языков» еңбегінде *арғымақ* сөзінің этимологиясын былайша көрсетеді: *арға/арғы/арғу + -мақ/-н = арғаммақ~арғымақ~арғун...* Осындағы *арға –/арғы –/арғу* – қатты шабу; *-мақ*, *-н* – іс-әрекетті жасаушыны білдіретін жұрнақ [14, 171]. Яғни қатты шабатын жануар деген мағынаны білдіреді.

Байқағанымыздай, жылқы атаулары жалпы мал атауы ретінде қолданған кездері де болған. Бұл – жылқының адам үшін атқаратын қызметі өте жоғары екенін, басқа малдан бір саты жоғары екенін көрсетеді. «Жылқы – малдың патшасы, Мал өсірсең, жылқы өсір, Табысы оның көл-көсір.» деп дана халқымыз бекер айтпаған.

Қазақ халқының мифологиясында ерекше орын алатын аң – қасқыр этимологиясына назар аударайық.

*Қасқыр*. Халықтың бейнесін тануда тотемдік түсініктерге назар аудару керек. Мұнда ә дегеннен ауызға ілінетін тотем – қасқыр. Көшпелі түркілер өздерінің шығу тегін қасқырдан (бөріден) таратқаны көпшілікке мәлім. Айталық, көне көк түркілердің билеуші әулеті өздерін «Ашина», яғни «қасқыр тектес ұрпақтарымыз» деп санаған. Қасқыр сөзінің қайдан шыққаны жайлы бірнеше пікір бар. Ғалым Р.Г.Ахметьянов пікірінше, *қашқар* (қасқыр) *қарыш* (тат. «ашулы») сөзі мен *құрт* (көне түрік тіліндегі «қасқыр» сөзі) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған, яғни «ашулы қасқыр» мағынасында қолданған сөз [15, 96]. Ғалымның бұл нұсқасын алып қарастырсақ, сөздің семантикалық өзгеріске ұшырағанын байқаймыз, себебі түрік тілдерінде *құрт* деген сөздің ежелден-ақ қасқыр мағынасында қолданылғаны мәлім. Түркі тектес башқұрт (бас + құрт (қасқыр)) халқының атауында «қасқыр» ұғымы бар болса, қазақтың Кіші жүзінде «Қызылқұрт» деген ру атауы бар. «Ашулы» – бұл жыртқыш аңның сипаты ретінде танылған соң, «ашулы қасқыр» мағынасындағы *қашқар* сөзі жалпы атау ретінде қолданыла бастады деп пайымдаймыз. Қасқыр этимологиясының тағы бір нұсқасы бар. А.М.Щербактың өз еңбегінде *қашқыр* сөзіне келтірген этимологиясы қазақтың

«қасқырына» да сәйкес келеді деген пікірдеміз. Ғалым бұл сөздің этимологиясының екі нұсқасын келтіреді. Біріншісі – қасқыр сөзінің негізі – *батыл болу* мағынасында қолданылатын *қасқай* етістігі деген пайым. Екіншісі – *қарыш* + *-қыр* = *қарышқыр/қашқыр*. Осындағы *қарыш* сөзі азу тісті көрсету қимылын білдіретін ұйғыр тілінің *кәриши* сөзінен шыққан болса, *-қыр*, *-гур*, *-гыр* есімшенің көне жұрнақтарының өзгерген нұсқасы. А.М.Щербактың «қашқыры» қазақ тіліндегі қасқыр сөзі екеніне еш шүбә жоқ, өйткені түбі бір халықтар арасында бір сөздің бірнеше фонвариант түрінде кездесуі – заңды құбылыс. Қасқыр – қайсар, аса сақ хайуан. Ызаланса азу тістерін көрсетеді. Осыған байланысты қасқыр атауы «азу тісті көрсететін аң», «батыл аң» семаларынан шыққан.

Қорыта келе, қазақ тілінің зоологиялық лексикасы қазіргі қазақ тіл білімінде көкейкесті мәселелердің бірі екені анық. Бұл сала әлі де ғылыми зерттеу жұмыстарын қажет етеді, өйткені бір қарағанда жай сөз түрінде көрінетін аң атаудың басында күрделі болғанына, оның бірігу тәсілі мен аналитикалық тәсілдің басқа да түрлері арқылы жасалғанына көзіміз жетеді. Сонымен қатар, осы мақалада қарастырылмаған – жануар, аң атауларының сөзжасамында синтетикалық тәсіл арқылы жануардың, аңның белгілі бір сипаттарының (жыныс, жас т.б.) берілуі, лексика-семантикалық тәсіл арқылы зоонимдердің жасалуы т.б. өз шешімін күтіп тұрған мәселелер бар. Жануар атауларын зерттеу арқылы тіл білімінің лексикология, терминология, сөзжасам т.б. салалары дами түспек.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Щербак, А. М. Названия домашних и диких животных в тюркских языках /А. М. Щербак // Историческое развитие лексики тюркских языков / Ин-т языкознания АН СССР. – М.: Изд-во АН СССР, 1961
2. Мусаев, К. М. Лексика тюркских языков в сравнительном освещении (западно-кыпчакская группа) / К. М. Мусаев. – М.: Наука, 1975. – 360 с.
3. Ибрагимов, К. Древнетюркские названия животных в лексике современных тюркских языков: дис. ... канд. филол. наук / К. Ибрагимов. – М., 1975. – 153 с.
4. Копыленко, М. М. О мотивации наименований животных в тюркских языках /М. М. Копыленко // Проблемы этимологии тюркских языков. – Алма-Ата: Ғылым, 1990. –С. 102–108
5. Жанабилов, Ш. Казахские названия животных / Ш. Жанабилов; под общ. ред. А. Абдрахманова. – Алма-Ата: Кайнар, 1982. – 151 с.
6. Линко, Т. В. Зоонимы в казахском и русском языках: автореф. дис. ... канд. филол.наук: 10.02.01 / Линко Татьяна Вениаминовна. – Алма-Ата, 1989. – 28 с.
7. Токхожаева, О. Лексика фауны в казахском языке: автореф. дис. ... канд. филол.наук: 10.02.06 / Токхожаева Орынбике. – Алма-Ата, 1991. – 20 с.
8. Федотов, М. Р. Об арабских и персидских заимствованиях в чувашском языке (Лексико-семантический обзор и словарь) / М. Р. Федотов // Вопросы чувашского языкознания и литературоведения. – Чебоксары: НИИ яз., лит., истории и экономики, 1963. – С. 89–124.
9. Егоров, В. Г. Этимологический словарь чувашского языка / В. Г. Егоров. – Чебоксары: Чуваш. кн. изд-во, 1964. – 356 с.
10. Ахметьянов, Р. Г. Краткий историко-этимологический словарь татарского языка / Р. Г. Ахметьянов. – Казань: Татарстан китап нәшрияты, 2001. – 272 с. – На татар. яз.
11. МҚ I, 21, 91, 241, 257; III, 34
12. Starostin S., Dybo A., Mudrak O. Etymological Dictionary of the Altaic Languages, Brill 2003
13. А.Б. Салқынбай. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект). – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 309 б.
14. Севортян, Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: общетюрские и межтюрские основы на гласные/ Э.В. Севортян; АН СССР, ин-т языкознания. – М.: Наука, 1974. – 768.

15. Ахметьянов Р. Г. Краткий историко-этимологический словарь татарского языка. — Казань: Тат. книжн. изд-во, 2001. — 272 с.

ӘОЖ 811. 512. 122

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АТРИБУТТЫҚ ҚАТЫНАСТЫҢ ПЫСЫҚТАУЫШ АРҚЫЛЫ БЕРІЛУІ

Жұбатханова Кәмшат Қажымұқанқызы

[zhubathanova@mail.ru](mailto:zhubathanova@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Филология: қазақ филологиясы» мамандығының 1-курс магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Жақыпов Ж.А.

Синтаксистің зертеу нысаны сөздердің тіркесі, сөйлем құрылысы, сөйлемдердің өзара байланысы болса, олардың барлығы да синтаксистік қатынастың заңдылықтарына сүйене отырып жасалады. Өйткені тұлғалық, мағыналық жағынан үйлесім таппаған жеке сөздер өз алдына сөйлем құрай алмайды. Сол себепті, синтаксистік қатынас – сөйлем құраудың ең басты тәсілі. Демек, жеке сөздер сөйлем құрау үшін ең алдымен өзара синтаксистік қатынастың қарамағына түсуі керек. Сол кезде адам ойын түсінікті дәрежеде жеткізетін құрылым пайда болады. Ал, енді, синтаксистік қатынастың бұл түрін зерттеу не үшін маңызды? Өйткені, бұл тақырып әлі де жекелей зерттеу нысанына айналмаған, бірақ қазақ тіл білімінде ашылуға тиіс тақырып. Екіншіден, функционалдық жағынан қарасақ, сөйлеу тілінде қолданылатын құрылымдардың ара жігін ажырату өз тіліміз үшін маңызды. Жан-жақты зерттеліп, қыр-сыры анықталған тіл ғана алға жылжи алады. Бұл зерттеудің қазақ тіл біліміне қосатын үлесі зор.

Атрибуттық қатынастың өзіне келмес бұрын, жалпы синтаксистік қатынас туралы сөз қозғайық. Синтаксистік қатынас дегеніміз – синтаксистің негізгі іргелі ұғымы. Ол синтаксистік тұлғалардың өзара тұлғалық әрі мағыналық байланысынан пайда болатын мән. Қазақ тіл білімінде синтаксистік қатынастар мәселесі толық зерттелген жоқ. Бұл туралы орыс тіл білімінде аздап қана айтылса, С. А. Аманжолов, Н. Т. Сауранбаев, М. Б. Балақаев тәрізді қазақ тіл білімінің зерттеушілерінің еңбектерінде де жалпы ұғымдық қырлары сөз етіледі. Н.Т.Сауранбаев өзінің еңбегінде осы тақырыпқа жеке тарау арнап, синтаксистік қатынастардың субъект-предикаттық, объектілік, атрибуттық деген түрлерін атайды [3, 56].

Синтаксистік қатынасты түсіндірмес бұрын оның синтаксистік байланыстан ара жігін ажыратып алайық. Синтаксистік байланыс жекелеген сөздердің жалғау, жұрнақ, шылау секілді морфологиялық және орын тәртібі, интонация секілді синтаксистік амал-тәсілдер арқылы байланысуы. Яғни, жеке сөздердің байланысы. Синтаксистік қатынасқа негіз болатын нәрсе де осы. Грамматика бөлімдері бір-бірімен байланысты десек, онда морфологиялық бірліктер сөзге жалғану арқылы синтаксистік сипатқа көшеді. Контексте осы байланыс орнаған құрылым синтаксистік қатынасты құрайды. Бұл кезде сөздің құрылымынан гөрі функционалдық жағына көбірек мән береміз. Сол кезде олардың мағыналық бірлігі ашылып, синтаксистік қатынасты толық танытып тұрады.

Сөйлемдегі жекелеген сөздер белгілі бір байланыста тұруы үшін орныққан үлгілері болады. Мысалы, сөйлем мүшелерінің контекстегі орны. Олар көп жағдайда тұрақты болады. Біз сол тұрақтылықты негіз етіп алып, синтаксистік қатынастың үлгісін жасаймыз. Олар үшеу: предикаттық, объектілік, атрибуттық. Көріп отырғанымыздай, синтаксистік қатынастың ауқымы кең, атқаратын функционалдық қызметі де үлкен.

Бұл қатынасты түсіндіру үшін сөз тіркесінің жасалу жолдарын айта кетейік. Лексика-грамматикалық мағыналары айқын сөздердің біріне-бірі сабақтаса бағынып барып жасалған синтаксистік тобы ғана сөз тіркесі деп есептеледі. Өзара тіркескен сөздердің синтаксистік тобын сөз тіркесі деп тану үшін, оның мынандай белгілеріне қарау керек: